

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ
ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА



КІРІСПЕ

Балалардың өмір сүру мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаға құқығы балалардың құқықтарын қорғаудың қазіргі заманғы жүйесінің барған сайын маңызды мәселесі болуда. Балаларды балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тартуға тыйым салудың халықаралық-құқықтық режимінің таралуы, балалардың еңбек қызметіне қатысатын ең төмен жасының біртіндеп жоғарылауы балалардың денсаулығы мен дамуы үшін балаларды қанау мен оларға қатысты зорлық көрсету факторларының айтарлықтай төмендеуіне әкелді. Сонымен бірге, дүниежүзінің көптеген елдерінде қоршаған ортаның сапасының нашарлауы балалардың денсаулығына қолайсыз әсерлердің басым факторы болуда.

2018 жылы Арнайы баяндамашы Джон Х. Нокстың БҰҰ Адамның құқықтары жөніндегі кеңесі үшін балалардың құқықтары мен қоршаған ортаны қорғау арасындағы өзара байланыс туралы баяндамасы баспаға шықты. Осы баяндамада келтірілген халықаралық бағалауға сәйкес, халықтың жастық топтарының бірде-біреуі балаларға қарағанда экологиялық зиянның жоғары деңгейіне ұшырамайды. Бұған қоса экологиялық зиянға ең осал болатын балалардың жастық тобы ретінде 5 жасқа дейінгі балалар бөлінеді.¹ Баяндамада 2015 жылы тіркелген 5 жасқа дейінгі балалардың өлімінің 5,9 млн оқиғаларынан 1,5 млн-нан астам өлім оқиғаларын экологиялық тәуекелдерді азайту жолымен болдырмау мүмкін болатыны туралы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері келтіріледі. Осылайша, 5 жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім-жітім оқиғаларының жалпы санының төрттен біріне жуығы қоршаған ортаның қолайсыз әсеріне байланысты.

Балалар Қазақстанда сондай-ақ экологиялық зиянға қатысты халықтың ең осал тобына жатады. 2014 жылғы

¹ 2018 жылғы 24 қаңтардағы А/НRC/37/58 БҰҰ құжаты.

28 қарашада Батыс Қазақстан облысының Березовка кентіндегі 25 баланың жаппай улану оқиғасы қоғам назарына ең ілінген оқиға болды. Оны Қарашығанақ мұнай және газ конденсаты кен орнынан уытты шығарындылардың әсер етуімен байланыстырады.² 2016 жылдың қазан айында бұқаралық ақпарат құралдары Өскеменде жөтелдің, тамақтың жыбырлауының, температураның және ауыздағы металл дәмінің бірдей белгілері бар балалар арасында аурудың өршуі туралы ақпаратты жариялады.³ Балалардың жаппай улануының екі оқиғасын да қоғамдық пікір өнеркәсіптік көздерден ластаушы заттардың зиянды әсер етуімен тікелей байланысты бірмағыналы ара қатынасын белгіледі. Алайда, жергілікті билік пен денсаулық сақтау органдары, кінәлі компаниялар бұл байланыс ресми түрде сол бойы растамады. Бұл оқиғалар елімізде ластанудың балалар денсаулығына қолайсыз әсер етуінің адекватты мониторинг жүйесінің, оларды құқықтық қорғаудың тиімді құралдарының, оның ішінде өмір мен денсаулыққа экологиялық зиянды дәлелдеу үшін мүмкіншіліктің жоқтығының дәлелі болып табылады.

Қазақстандағы балалар мен қоршаған орта бойынша осы баяндаманы «Сорос-Қазақстан» Қайырымдылық Қоры қолдаған жоба шеңберінде «Әлеуметтік-Экологиялық Қор» ҚҚ дайындады. Оның мақсаты баланың салауатты қоршаған ортаға құқықтарын қорғау саласындағы жағдайды жақсарту бойынша шараларды талқылау, әзірлеу және іске асыру үшін негізді анықтау мақсатында еліміздегі балалар мен қоршаған орта бойынша негізгі жағдайларын ұсы-

2 <https://crudeaccountability.org/kazakhstani-doctors-recognize-the-children-of-berezovka-kazakhstan-are-seriously-ill-but-do-not-offer-appropriate-treatment>

3 <https://informburo.kz/novosti/massovoe-zabolevanie-detey-v-ust-kamenogorske-zhiteli-svyazyvayut-s-vrednymi-vybrosami.html>

ну болып табылады. Баяндаманың бірінші бөлімінде балалар денсаулығының зиянды экологиялық әсер етулермен байланысы мәселесін қарастыру үшін қызығушылық білдіретін ақпараттың қол жетімді негізгі көздеріне шолу жасалған. Қарастыралатын көздер халықаралық ұйымдардың тақырыптық баяндамаларын, балалар мен денсаулықты қорғау бойынша жыл сайынғы статистикалық жинақтарды, қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстарды пайдалану туралы ұлттық баяндамаларды қамтиды. Екінші бөлімде Экологиялық кодекстің, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңның, Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің балалардың құқықтары мен қоршаған ортаға бойынша негізгі ережелерінің талдамасы беріледі. Онда сондай-ақ балаларды экологиялық зияннан құқықтық қорғау бойынша ықтималды тәсілдері, тиісті институционалдық негіздері қарастырылады және дамуы үшін бар кедергілері мен бағыттары анықталады. Үшінші бөлім балалар мен қоршаған орта бойынша халықаралық құқықтың негізгі актілеріне және балалардың құқықтарын экологиялық зияннан қорғау үшін қол жетімді халықаралық механизмдерге шолуды береді. Ол балалардың халықаралық деңгейде салауатты қоршаған деген құқықтарын қорғау мүмкіншіліктері бойынша қоғамдық хабардар болушылықты артыруға көмектеседі. Баяндама Қазақстандағы балалар мен қоршаған орта бойынша деректердің қол жетімділігін қамтамасыз ету бойынша, осы саладағы қоғамдық хабардар болушылықты арттыру, экологиялық зиянға қатысты балаларды құқықтық қорғаудың тиімді құралдарын әзірлеу бойынша шараларды әзірлеу үшін әзірленген және ұсынылған тұжырымдармен және ұсынымдармен аяқталады. Ұсынымдар экологиялық заңнаманың нормаларын жетілдіруге және экологиялық зиянға қатысты балалардың құқықтарын қорғау механизмдерін күшейтуге бағытталған.

БАЛАЛАР ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗИЯН ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ПЕН ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАМТЫЛУЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІНЕ ШОЛУ

Қазіргі заманғы халықаралық тәсілдерге сәйкес балалардың құқықтары мен қоршаған ортаның мәселелері балалардың денсаулығы үшін экологиялық зиянның келесі негізгі әлеуетті факторларына қатысты қарастырылады:

- *атмосфералық ауаның ластануы;*
- *судың ластануы;*
- *химиялық заттар, улы заттар мен қалдықтар;*
- *климаттың өзгеруі.*

Атап айтқанда, әсер етудің негізгі факторларын жіктеуге мұндай тәсілді балалар мен қоршаған орта бойынша 2018 жылғы баяндамада қауіпсіз, таза, сау және тұрақты қоршаған ортаны пайдалануға қатысты құқықтар қорғау міндеттемелері туралы мәселе бойынша Арнайы баяндамашы Джон Нокс қолданған болатын. Ол қоршаған ортаның үш ортасының (ауаның, судың және жердің) антропогендік ластаулардың балалар денсаулығына зиянды әсер етулерін, сондай-ақ осы әсер етулерді күшейтетін және экстремалды табиғи құбылыстармен (су тасқындарымен, орман және дала өрттерімен, құрғақшылықтармен, олармен байланысты жұқпалы аурулардың індеттерімен және т.б.) байланысты балалар үшін тәуекелдерді арттыратын фак-

тор ретінде климаттың өзгеруін қамтиды.

БҰҰ-ның Еуропалық Экономикалық Комиссиясының (БҰҰ ЕЭК) сарапшылары өткізетін экологиялық қызметтің нәтижелілігіне шолулар қоршаған орта мен балалардың денсаулығы туралы тағы да бір негізгі халықаралық ақпарат көзі болып табылады. 2019 жылы жарияланған Қазақстан Республикасындағы экологиялық қызметтің нәтижелілігіне Үшінші шолуда, нәрестелер мен балалар өлім-жітімін азайтумен ілгерілеу, соның ішінде балалар үшін жұқпалы аурулармен байланысты тәуекелдердің айтарлықтай төмендеуі атап өтілген. Сонымен бірге БҰҰ ЕЭК сарапшылары атмосфералық ауаның, бөлмедегі ауаның, судың, жердің химиялық ластануы Қазақстан халқы үшін, әсіресе балалар үшін экологиялық факторлармен байланысты жұқпалы емес аурулардың тәуекелдерін арттырады деген тұжырымға келді.⁴

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша 0-14 жастағы балалар арасын-

4 Қазақстан. Экологиялық қызметтің нәтижелілігіне шолу. Үшінші шолу, БҰҰ ЕЭК, 2019, 428-бет, http://www.unec.org/fileadmin/DAM/env/epr/epr_studies/ECE_CEP_185_Rus.pdf

да қоршаған ортаға қолайсыз әсер етуден туындаған өлімдер үлесі 36%-ды құрайды. 12,6 млн оқиғаларды ғаламдық зерттеу шеңберінде қоршаған ортаның ластануымен және күйінің нашарлауымен байланысты балалар өлім-жітімінің келесі негізгі 10 себебі анықталды:

- *іш өту;*
- *төменгі тыныс жолдарының инфекциясы;*
- *абайсызда жарақаттану;*
- *безгек;*
- *жазатайым оқиға салдарынан жарақат алу;*
- *өкпенің созылмалы обструктивті ауруы;*
- *перинаталды аурулар;*
- *жүректің ишемиялық ауруы;*
- *балалық шақ аурулары;*
- *қорғасынның әсерінен болатын интеллектуалдық құнсыздану.*⁵

Қазақстандағы денсаулық қорғау бойынша статистикалық деректерге шолу өлім-жітім себептерінің көпшілігі бойынша 14 жасқа дей-

5 Prüss-Üstün A, Corvalán C., Preventing disease through healthy environments: a global assessment of the burden of disease from environmental risks, World Health Organization, 2006, с. 60

1-кесте. Қазақстанда 0-14 жастағы балалардың өлім-жітімі

Өлім-жітімнің себептері	Тиісті жастағы әр 100 000 балаға				
	2005	2010	2015	2016	2017
Инфекциялық және паразиттік аурулар	7.72	7.42	5.35	4.47	4.82
Өскіндер	4.61	4.48	4.56	4.04	3.53
Қан айналымы жүйесінің аурулары	2.14	3.42	3.59	2.91	2.90
Тыныс алу мүшелерінің аурулары	24.17	19.39	9.19	6.68	6.23
Ас қорыту мүшелерінің аурулары	1.79	1.71	1.85	1.11	1.27
Өлімнің сыртқы себептері	33.7	28.32	19.65	17.81	17.17
Барлығы	73.7	64.73	44.18	37.02	35.91

Дереккөз: Қазақстанның балалары/2013-2017 жылдарға статистикалық жинақ

інгі балалар өлім-жітімі көрсеткіштерінің төмендегенін көрсетеді. Алайда, қан айналымы жүйесінің аурулары себебінен балалар өлімі көрсеткіші 2005 жылда 14 жасқа дейінгі 100 000 балаға шаққанда 2,14 оқиғадан 2017 жылда 2,90 оқиғаға дейін өсті. Сонымен бірге жеке алдыңғы жылдары бұл көрсеткіш одан да жоғары болған, мысалы, 2015 жылы сәйкесінше жастағы 100 000 балаға шаққанда 3,59 осындай өлім оқиғаларына жеткен. Экологиялық факторлармен байланыстыратын және оны төмендету бойынша шараларды талап ететін балалар өлім-жітімінің басқа себептерінің арасында онкологиялық ауруларды атап өту қажет. Жүрек-қан тамырлары мен онкологиялық аурулардан болатын балалар өлім-жітімінің алдын алуды және төмендетуді тиісті зиянды экологиялық факторларды төмендетумен өзара байланыста қарастыру ұсынылады. Олар өнеркәсіптегі, энергетикадағы және көліктегі көздерден ауаның зиянды химиялық заттармен және ұсақ дисперсиялы қалқымалы қатты заттармен ластануды қамтиды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша 0-14 жастағы балалар арасында қоршаған ортаның қолайсыз әсер етулерінен туындаған өлімдер үлесі 36%-ды құрайды. Сонымен бірге әлемнің дамыған елдеріндегі экологиялық факторлардың

рөлі, ең алдымен, бірінші орында жұқпалы аурулар тұратын дамушы дамып жатқан елдерге қарағанда жүрек-тамыр және онкологиялық аурулармен байланыстырылады.⁶

Балалар өлім-жітімінің статистикасы жағдайында сияқты оң динамика Қазақстанда инфекциялық және паразиттік аурулармен аурушаңдыққа қатысты да байқалады. Мысалы, туберкулез бойынша аурушаңдық елімізде 2008 жылы 100 000 тұрғынға шаққанда 125,5 оқиғадан 2015 жылы 100 000 тұрғынға шаққанда 48,2 оқиғаға дейін, вирусты гепатит бойынша – 2008 жылы 100 000 тұрғынға шаққанда 46,4 оқиғадан 2018 жылы 100 000 тұрғынға шаққанда 5,82 оқиғаға дейін төмендеген. Малярия мен көптеген басқа қауіпті жұқпалы аурулар Қазақстанда сирек құбылыс болып табылады. Мұны медициналық қызмет көрсетудің қол жетімділігі мен қызметтер сапасының жоғарылауымен және балаларды вакциналаумен қамтудың ұлғаюымен де, сондай-ақ халықтың өмір сүру жағдайларының жақсаруымен де байланыстырады. Балалардың су сапасымен байланысты жіті ішек инфекциялармен аурушаңдық деңгейі сондай-ақ соңғы жылдары төмендеді. Осы көрсеткіш 0-5 жастағы балалардың жастық тобы бойынша 2008 жылы

1 000 балаға шаққанда 20 оқиғадан 2018 жылы 9,8 оқиғаға дейін төмендеді. Бұл ішерлік сумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйелеріне қол жетімділіктің жақсаруымен байланысты. Мысалы, ішерлік сумен жабдықтаудың орталықтандырылмаған жүйелері бар мектептердің үлесі 2009 жылы 28%-дан 2017 жылы 9,7%-ға дейін қысқарды.

Сонымен бірге болашақта, туберкулезді, безгекті, тырысқақты және іш өтуді қоса алғанда, инфекциялық аурулардың себептерінен, сондай-ақ жүрек-тамырларының ауруларынан болатын өлім-жітім мен ауру-сырқаулық тәуекелдерінің жоғарылауы климаттың өзгеруін байланыстыратынын атап өту керек. Тиісті зерттеулерді әлемнің дамыған елдерінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы⁷, ЮНИСЕФ⁸, әртүрлі ұлттық зерттеу ұйымдары мен университеттері жүргізді. Қазақстанда балалардың денсаулығының климаттың өзгеруімен өзара байланысын қарастыру үшін әлі толыққанды ғылыми және зерттеу негізі әзірге жоқ. Климаттың өзгеруі туралы БҰҰ-ның

⁷ <http://www.who.int/globalchange/publications/climatechangechap6.pdf>,

http://www.who.int/environmental_health_emergencies/natural_events/en/

⁸ http://www.who.int/environmental_health_emergencies/natural_events/en/

⁶ Тап сонда.

2-кесте. Тиісті жастық топтағы халықтың 1 000 адамға шаққандағы балалардың жастық топтары бойынша ауру-сырқаулығы

Жастық топтар және ауру-сырқаулар	Жылдар				
	2014	2015	2016	2017	2018
1 жасқа дейінгі жастық топ					
Инфекциялық және паразиттік аурулар	34.80	27.00	24.20	20.80	21.80
Өскіндер	5.80	6.20	7.20	8.60	8.30
Эндокриндік жүйенің аурулары	32.00	23.60	21.90	16.00	12.60
Қан айналымы жүйесінің аурулары	4.60	4.20	4.50	3.00	2.20
Тыныс алу мүшелерінің аурулары	878.00	831.00	739.00	746.00	654.00
Туа біткен ауытқулар (дамуындағы ақаулар), деформациялар және хромосомалық бұзылыстар	35.30	41.40	59.60	66.00	70.80
0-5 жастық тобы					
Инфекциялық және паразиттік аурулар	34.80	30.80	28.80	30.30	33.60
Өскіндер	2.90	3.00	3.90	4.60	4.60
Эндокриндік жүйенің аурулары	16.00	12.70	11.40	10.00	8.00
Қан айналымы жүйесінің аурулары	4.50	3.50	4.20	3.30	2.50
Тыныс алу мүшелерінің аурулары	748.00	725.00	781.00	842.00	792.00
Туа біткен ауытқулар (дамуындағы ақаулар), деформациялар және хромосомалық бұзылыстар	20.30	23.40	32.30	36.70	39.00
0-14 жастық тобы					
Инфекциялық және паразиттік аурулар	26.56	23.86	24.08	24.02	24.02
Өскіндер	1.34	1.39	1.60	1.95	2.23
Эндокриндік жүйенің аурулары	10.78	8.75	8.61	8.64	7.83
Қан айналымы жүйесінің аурулары	3.14	2.75	2.95	2.81	2.69
Тыныс алу мүшелерінің аурулары	516.30	523.23	586.96	586.29	561.06
Туа біткен ауытқулар (дамуындағы ақаулар), деформациялар және хромосомалық бұзылыстар	7.47	9.99	10.16	12.61	14.06
Тыныс алу мүшелерінің аурулары	603.02	523.23	586.96	586.29	561.06
15-17 жастық тобы					
Инфекциялық және паразиттік аурулар	14.29	12.78	12.68	12.54	12.28
Өскіндер	1.05	1.36	1.75	2.09	2.37
Эндокриндік жүйенің аурулары	19.65	18.91	20.01	19.74	17.94
Қан айналымы жүйесінің аурулары	12.24	12.91	13.94	14.18	12.76
Тыныс алу мүшелерінің аурулары	384.03	397.19	396.80	387.89	368.54
Туа біткен ауытқулар (дамуындағы ақаулар), деформациялар және хромосомалық бұзылыстар	2.30	2.61	3.25	3.48	3.55

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің статистикалық жинақтары



негіздемелік конвенциясы бойынша Қазақстан Республикасының мерзімді ұлттық хабарламалары экстремалды гидрометеорологиялық құбылыстардың нәтижесінде зардап шеккендер мен құрбандар туралы деректерді, оның ішінде осы құбылыстардың нәтижесінде қоныс аударылған балалар бойынша деректерді ғана қамтиды. Сонымен бірге, балалардың өлім-жітімі мен ауру-сырқаулық тәуекелдерінің климаттың өзгеруімен байланысы осы ұлттық хабарламаларда деректердің қолжетімділігінің болмауы себебінен қарастырылмайды.⁹ Зерттеулердің осындай түрлерін ұлттық деңгейде жүргізудегі тәжірибелік қажеттіліктер Париж келісімі бойынша климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша халықаралық міндеттемелерді іске асыру және климаттың өзгеруіне осалдықты бағалау бойынша ережелерді қосу мен Экологиялық кодекстің жаңа редакциясының жобасына бейімделу шараларын жоспарлау шеңберінде қалыптастырылады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 80%-дан астам жағдайларда адамдардың өлімінің себебі созылмалы инфекциялық емес аурулар, оның ішінде астманы, созылмалы бронх қабынуын қосқанда, онкологиялық аурулар, тыныс алу жолдарының созылмалы аурулары болып табылады. Балалардың жастық топтары арасындағы ауру-сырқаулықтың статистикасы өскіндер, туа біткен ауытқулар (дамуындағы ақаулар), деформациялар және хромосомалық бұзылыстар бойынша көрсеткіштердің өскенін көрсетеді, бұл оларға диагноз қою үшін мүмкіндіктердің жақсаруымен байланысты болуы мүмкін. Сонымен бірге экологиялық факторлармен байланыстыралатын жұқпалы емес аурулардың көпшілігі бойынша балалардың барлық жастық топтары

бойынша жағдайдың айтарлықтай жақсарғаны байқалмайды. Атап айтқанда, бұл жүрек-қан тамырлары жүйесі мен тыныс алу мүшелерінің аурулары, өскіндер мен туа біткен ауытқулар (дамуындағы ақаулар), деформациялар және хромосомалық бұзылыстар бойынша статистикаға қатысты.

Жоғарыда көрсетілгендей, БҰҰ ЕЭК-тің Экологиялық қызметінің нәтижелілігін үшінші шолу шеңберінде экологиялық факторлармен байланысты жұқпалы емес аурулар тәуекелінің жоғары деңгейдегі негізгі факторларының қатарына атмосфералық ауаның және үй-жайлардың ішіндегі ауаның, ауыз судың, жерүсті сулардың және топырақтың химиялық ластануының жоғары деңгейі, қауіпті химиялық заттарды ұтымды реттеу жүйесінің жоқтығы жатқызылды. Уытты уланулардан туындаған өлім-жітім мен ауру-сырқаулық бойынша ағымдағы статистика сыртқы себептердің әсер етуінің біріктірілген тобына қосылғанан атап өткен жөн. Ол жарақаттарды, жазатайым оқиғаларды, улануларды және сыртқы себептердің әсер етуінің өзге де факторларын қамтиды. Бүгінгі таңда ол қоршаған ортаның ластануынан немесе уытты өнімдерден уытты уланулар бойынша, өнеркәсіптік апаттар мен табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың нәтижесінде алынған өлім-жітім мен жарақаттар бойынша талдауды жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Балалар өлім-жітімі мен сырқаулығының себептері болуы мүмкін әртүрлі экологиялық факторларды бағалау үшін қажетті ақпарат тұрғысынан, мұндай ақпараттың негізгі көздерінің бірі қоршаған ортаның жай-күйі мен табиғи ресурстарды пайдалану туралы ұлттық баяндамалар болып табылады. Олар жыл сайынғы негізде Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығымен дай-

ындалады.¹⁰ Ұлттық баяндамалар ұлттық және аймақтық деңгейлерде атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары бойынша, қалалық елді мекендердегі ауа сапасы, жекелеген су объектілерінің ластануы, қалдықтар мен химиялық заттарды пайдалану бойынша ақпаратты қамтиды. Осы шолудың шеңберінде негізгі назар елді мекендердегі атмосфералық ауаның ластануы бойынша деректерге бағытталған, бұл олардың балалардың денсаулығымен байланысын және жағдайды жақсарту бойынша қажетті шараларды талқылау үшін толыққанды негіз болып табылады.

Ұлттық баяндамалардың деректері бірқатар себептер бойынша сондай-ақ ластаушы заттардың шығарындылары мен азаматтардың ауру-сырқаулары арасындағы өзара байланысты бағалау үшін шектеулі мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда, олардың біріктірілген сипатын, ақпараттың толымсыздығын, мысалы, қатты қалқымалы бөлшектердің фракциялары бойынша деректердің жоқтығын атап өтуге болады. Сонымен бірге олар елімізде және аймақтарда жекелеген ластаушы заттардың, мысалы күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, аммиак және толуол шығарындыларының ұлғаюының жалпы беталысын көрсетеді. Бұл деректер адамның денсаулығы үшін қауіпті болатын бірқатар ластаушы заттарды, соның ішінде азот оксидін, қатты қалқымалы заттарды, күйені, ауыр металдарды (қорғасын, мыс) азайту бойынша ілгерілеудің жоқтығын көрсетеді. Ұлттық баяндамаларда ластаушы заттар шығарындыларының адамдардың денсаулығына, оның ішінде балалардың денсаулығына және балалар өлім-жітіміне әсер етуін талдау жасалмайды. Сонымен бір-

¹⁰ <http://ecogofond.kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoi-informacii/jekologijalyzha-daj/r-orsha-an-ortany-zhaj-k-jituraly-lty-bajandamalar/>

⁹ https://unfccc.int/sites/default/files/resource/20963851_Kazakhstan-NC7-BR3-1-ENG_Saulet_Report_12-2017_ENG.pdf

ге бұл деректер балалар мен тұтастай алғанда халықтың денсаулығы үшін айтарлықтай қауіптерді төндіретін ластаушы заттардың шығарындыларын қысқарту бойынша саясатты және шараларды әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Ұлттық баяндамаларға қосылған атмосфераның ластануы туралы ақпараттың негізгі мемлекеттік дереккөзі «Қазгидромет» РМК-ның экологиялық мониторингінің деректері болып табылады. Ол республиканың 48 елді мекеніндегі 146 бақылау бекеттерінде, соның ішінде 56 стационарлық бекеттерде әртүрлі ластаушы заттар бойынша жүргізіледі. Мониторинг келесі заттар бойынша жүргізіледі: қалқымалы бөлшектер (шаң-тозаң), $PM_{2.5}$ қалқымалы бөлшектер,

PM_{10} қалқымалы бөлшектер, күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жерге жақын), күкірт сутегі, фенол, фторлы сутегі, хлор, хлорлы сутегі, көмірсутектер, аммиак, күкірт қышқылы, формальдегид, метан, күшәннің бейорганикалық қосылыстары, кадмий, қорғасын, хром, мыс, бензол, этилбензол, бенз(а)пирен, бериллий, марганец, кобальт, мырыш, никель, гамма-фон, сынап.¹¹ Олардың әрқайсысы бойынша, өткізілетін бақылаулар негізінде шекті рұқсат етілген концентра-

11 2018 жылы Қазақстан Республикасының қоршаған ортасының жай-күйі туралы ақпараттық бюллетень, «Қазгидромет» РМК. <http://www.kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda>

цияның асып түсу еселігі және асып түсу оқиғаларының саны анықталады. Сонымен қатар «Қазгидромет» РМК-ның экологиялық мониторингі жерүсті сулардың, жекелеген су объектілердің түптік шөгінділерінің, атмосфералық жауын-шашындар мен қар жамылғысы тұнбасының химиялық құрамының, топырақтардың ауыр металдармен ластануының, атмосфераның жерге жақын қабатындағы радиоактивті түсінділердің тығыздығының сапасын қамтиды.

Экологиялық мониторингтің нәтижелері бойынша ақпарат пен деректер «Қазгидромет» РМК-ның www.kazhydromet.kz веб-сайтында ай сайынғы, жартыжылдық және жылдық негіздерде, апта сайынғы негізде жекеленген көрсеткіштер

3-кесте. Стационарлы көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары

Ластаушы зат	Жылдар				
	2013	2014	2015	2016	2017
Күкірт диоксиді, мың т/жыл	729.2	729.1	710.6	767.5	786.4
Көміртегі оксиді, мың т/жыл	457.9	478.8	451.2	473.0	491.9
Азот оксидтері, мың т/жыл	250.2	256.5	243.4	246.6	264.7
Қатты қалқымалы заттардың жалпы мөлшері, мың т/жыл	551.2	494.2	466.0	460.6	475.7
Құрамында 35-40% кальций тотығы бар көмір күлі, мың т/жыл	18.6	14.4	8.6	8.6	14.2
Сажа, мың т/жыл	8.6	8.9	7.3	8.0	8.7
Метан емес ұшпалы органикалық қосылыстар, мың т/жыл	92.0	114.4	105.1	100.4	-
Ұшпалы органикалық қосылыстар, мың т/жыл	-	-	-	-	87.2
Аммиак, мың т/жыл	2.0	2.2	2.3	2.5	2.6
Көмірсутегілер, мың т/жыл	96.1	62.0	66.1	63.0	45.2
Толуол, т/жыл	1 761.4	2 075.9	2 174.1	1 941.7	2 354.9
Қорғасын, т/жыл	572.4	699.4	636.3	224.5	254.8
Мыс, т/жыл	165.9	162.6	254.5	217.7	-
Мыс оксиді, т/жыл	-	-	-	-	32.9
Нафталин, т/жыл	51.6	54.9	54.5	56.2	58.7
Бенз(а)пирен, т/жыл	35.2	23.2	49.6	22.8	24.7
Күшән, т/жыл	121.8	87.7	40.5	13.4	7.9
Кадмий, т/жыл	1.3	1.2	1.2	1.3	6.5
Дихлорэтан, т/жыл	0.047	0.1	1.2	1.2	1.1

Дереккөз: 2017 жылға қоршаған ортаның жай-күйі туралы және табиғи ресурстарды пайдалану туралы ұлттық баяндама



бойынша жарияланады. Атмосфералық ауаның ластану мониторингі жағдайында «Қазгидромет» РМК-ның 146 бақылау бекеттерінің 90-ы автоматты болып табылады. Бұл нақты уақыт режиміндегі мониторинг деректеріне қоғамдық қолжетімділікті қамтамасыз етудің техникалық мүмкіндігін талап етеді. Алайда қазіргі уақытта бұл деректер нақты уақыт режимінде қол жетімді емес, бұл олардың тұрғындар арасындағы сұраныста болуын айтарлықтай төмендетеді. Қазақстанның көптеген тұрғындары үшін www.airkaz.org сайтында экоактивист «Павел Александровпен» ерікті негізде жүзеге асырылатын атмосфералық ауаның ластану мониторингі деректері үлкен қызығушылық тудырады. Ол Алматы, Қарағанды және Теміртау қалаларында PM2.5 қалқымалы бөлшектердің бір көрсеткіші бойынша өлшеулер жүргізеді, бірақ ақпаратты жұртшылық үшін жедел, ыңғайлы және қол жетімді түрде ұсынады.

«Қазгидромет» РМК елді мекендерінің ластану деңгейін жалпы бағалау үшін кешенді көрсеткіш – атмосфераның ластану индексі (АЛИ) қолданылады. Бұл атмосфераның ластану көрсеткіші, оны есептеу үшін шекті рұқсат етілген концентрациясына бөлінген және күкірт диоксидінің зияндылығына келтірілген әртүрлі ластану заттардың концентрациясының орташа мәндері пайдаланылады. Мұндай тәсіл жағдайды елдің әртүрлі елді мекендеріндегі атмосфералық ауаның ластану деңгейімен салыстыруға мүмкіндік береді. АЛИ көрсеткіші бойынша 2018 жылы ластанудың жоғары деңгейіне Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Теміртау, Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Балқаш, Өскемен, Жезқазған, Алматы, Екібастұз, Петропавл қалалары, сонымен қатар Бейнеу кенті жатқызылған болатын. АЛИ-ді қолдану негізінде жоғары ластанудың (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластанудың (ЭЖЛ) оқиғалар саны саны анықталады. Бұл ақпарат мемле-

кеттік органдармен асып кету орын алған ластанушы заттардың нақты көздері мен түрлерін анықтау үшін талданылады.

Кешендік АЛИ көрсеткішін қолданумен тәсіл жиірек ластанудың нақты көздерімен жағдайды талдау үшін ақпаратты және мүмкіндікті қиындатады. Жоғары және экстремалды жоғары ластану оқиғаларының көп саны болған қалаларда жеке жылдарда олардың тіркелмегендігі үлкен мәселелерді тудырады.

АЛИ-ді қолдану және Атырау қаласы бойынша 2017 және 2018 жылдардағы жоғары және айрықша жоғары ластану оқиғаларын талдау негізінде көз ретінде «Атырау Су Арнасы» КМК-ының ағынды суларынан күкіртсутектің шығарындылары анықталған. Бұл кәсіпорын тазартылмаған ағынды суларды қаланың сол жақ жағалауы бөлігіндегі «Тухлая Балка» буландыру далаларына және қаланың оң жақ жағалауы бөлігіндегі «Квадрат» жинақтауыш-тоғанына тастауды жүзеге асырады.

АЛИ көрсеткішін қолдану және оның негізінде жоғары және экстремалды жоғары ластану оқиғаларын анықтау ластанушы көздерді кейінірек анықтауға өте таңдаулы амал үшін және сәйкес ақпаратты бұрмалау үшін мүмкіндіктер береді. Көздер бойынша көрініс бұлдырлы сипатқа ие болады, ластанудың нақты көздерімен байланысын жоғалтады, ластанудың ірі және тұрақты көздері бойынша шаралар қабылдаудан аулақ болуға мүмкіндік береді.

Ақтөбе қаласында жоғары және айрықша жоғары ластану оқиғалары бойынша 2018 жылы асып кетулер көміртегі оксиді мен күкірт диоксиді бойынша болған

ны анықталды. Көміртегі оксиді бойынша асып кетудің ықтимал көзі ретінде құрылыс жұмыстарын жасаған жүк автомобильдерінің және көпір құрылысымен байланысты кептелісте тұрған автомобильдердің шығарындылары анықталды. Күкірт диоксиді бойынша шығарындылардың асып кету көздері анықталған жоқ.

Автокөлік құралынан ластануға қатысты Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдамалық орталығымен жарияланатын ұлттық баяндамаларда жол-көлік құралдарының құрамы бойынша, пайдаланылатын отын түрі және елдің өңірлеріне бөлу арқылы парктің орташа жасы бойынша деректер келтіріледі. Олар бұл көліктердің 93,6%-ы дерлік отын ретінде бензинді немесе дизельді пайдаланатынын көрсетеді.

Ұлттық баяндамаларда елді мекендердегі атмосфералық ауаның ластануына жол көлік құралдарының үлесін бағалау жүргізілмейді. Сонымен қатар көлік құралдарының паркі және отынды тұтыну бойынша қол жетімді деректердің негізінде парниктік газдардың шығарындыларын есептеу қолданылмайды. Осыған қарамастан, жол көлік құралдарының паркі бойынша ақпарат көліктің экологиялығы жоғары түрлеріне ауысу бойынша шараларды, мысалы, қалалық түпінтұманмен күрделі мәселелерге әлдеқашан тап болған Алматы және Шымкент қалалары бойынша, әзірлеу мен ынталандыру үшін негіз болып қызмет ете алар еді.

2018 жылы Алматы қаласы бойынша жол-көлік оқиғаларының ең көп саны тіркелді – 437991. Олардың ішінде 633-і отын ретінде газды пайдаланады, бұл Алматы (1644) және Солтүстік Қазақстан (1760) облыстары бойынша сәйкес көрсеткіштерден 3

4-кесте. 2016-2018 жылдарда Қазақстанның қалаларында ЖЛ мен ЭЖЛ оқиғаларының саны

Елді мекен	Жылдар					
	2016		2017		2018	
	ВЗ	ЭВЗ	ВЗ	ЭВЗ	ВЗ	ЭВЗ
Ақтау	-	-	-	-	5	-
Ақтөбе	235	67	141	3	7	-
Нұр-Сұлтан (Астана)	-	-	-	-	2	-
Атырау	-	-	357	75	1102	177
Балқаш	4	5	13	1	8	-
Жезқазған	-	-	-	-	7	-
Қарағанды	14	1	45	-	114	-
Теміртау	12	-	3	-	2	-
Өскемен	-	-	419	18	1530	64
Жетіқара	-	-	1	-	-	-
Петропавл	2563	477	11	1	-	-

Дереккөз: 2018 жылға қоршаған ортаның жай-күйі туралы және табиғи ресурстарды пайдалану туралы ұлттық баяндама

есе дерлік аз. Электрокарлар саны бойынша Алматы (89) сондай-ақ, Солтүстік Қазақстан (666), Атырау (608), Алматы (453) және Қостанай (399) облыстарын қоса алғанда, көптеген аймақтарға жол береді.


Қазіргі жағдайдың ең айқын кемшілігі ластанудың ірі стационарлық көздері, ластаушы заттардың көлемі мен құрамы туралы ақпарат көздерінің көпшіліктің қол

жетімділігінде жоқтығы болып табылады. Осыған қатысты балалардың ауру-сырқауының ластанудың нақты көзімен байланысын анықтау үшін әзірленетін Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркелімі негізгі қызығушылықты тудырады. Оны әзірлеуді Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы жүзеге асырады. Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының

мемлекеттік тіркелімі ауа бойынша 60 ластаушы заттар және су бойынша 62 ластаушы заттар бойынша деректерді қамтиды. 2017 жылға олардың көлемдері бойынша деректер есеп берулер түрінде веб-сайтта қол жетімді болатын 900-ден астам кәсіпорындар ұсынылған болатын.¹² Алайда ластану көздері мен олардың құрамы бойынша деректер базасы тек оның дамуының бастапқы сатысында болады.

¹² <http://prtr.ecogofond.kz/>

Сурет 1. 2018 жылға пайдаланылатын отын түрлері бойынша бөлудегі жол-көлік құралдары паркінің құрамы



Дереккөз: 2018 жылға қоршаған ортаның жай-күйі туралы және табиғи ресурстарды пайдалану туралы ұлттық баяндама

БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗИЯННАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ РӘСІМДЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІНЕ ШОЛУ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекет адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы болатын қоршаған ортаны қорғауды өзінің мақсаты етіп алдына қояды. Бұл норма сонымен бірге елдің аумағында тұратын немесе көшіп келетін балалардың өмірі мен денсаулығын қамтиды. Осы конституциялық норма негізінде жүзеге асырылатын негізгі заңнамалық акті Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабының 1-тармағы, балалардың денсаулығын қорғауға тиісінше құқықты

қоса алғанда, денсаулықты қорғауға құқықты белгілейді. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңның 8-бабы әрбір бала денсаулықты қорғауға бұлжымас құқыққа ие болатынын және оны қамтамасыз етудің бір құралы ретінде баланың дені сау дамуы үшін қажетті болатын қолайлы қоршаған ортаны жақсартуды анықтайтынын белгілейді.

Қолайлы қоршаған орта – жай-күйі экологиялық қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын қорғауды, биоалуантүрлілікті сақтауды, ластанудың болдырма-

уын, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды көбейтуді және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін қоршаған орта – Экологиялық кодекстің 1-бабы 1-тармағының 37) тармақшасы.

Баланың дені сау дамуы үшін қажетті болатын қолайлы қоршаған ортаны жасаумен бірқатар, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңның 8-бабы балалардың денсаулығын қолайсыз экологиялық факторлардан қорғау үшін мемлекетпен қабылдануы қажет болуы керек бірқатар шараларды анықтайды. Оларға заңнамалық шаралар, балалар денсаулығын қорғау саласындағы ғылыми зерттеулердің мемлекеттік қолдауы, балалардың денсаулығының күйін және балалар ауруларының профилактикасын бақылау, білікті медициналық көмек көрсету, балаларға арналған тиісті сападағы тамақ өнімдерінің өндірісі мен сатылуын бақылау кіреді. Баяндаманың осы бөлімінде мемлекет тарапынан осы шараларды жүзеге асырудың тиімділігі қарастырылмайды, бірақ зиянды экологиялық факторларға қатысты денсаулығын қорғауға балалардың құқықтарының құқықтық қорғау мүмкіндіктері талданылады.



ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУҒА БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК

Сот төрелігіне қол жетімділік ата-аналарынан, қамқоршыларынан, жанашырларынан және басқа да тұлғалардан тәуелді мәртебесіне байланысты болғандықтан, балаларды құқықтық қорғау мүмкіндіктерінің негізгі мәселе деп танылады.¹³ БҰҰ-ның Баланың құқықтары жөніндегі комитеті 2003 жылғы 27 қарашадағы № 5 Жалпы түсініктемеде: «Балалардың ерекше және тәуелді жағдайы олардың құқықтары бұзылған жағдайда сот қорғанысы құралдарын қолдану тұрғысынан нақты қиындықтар туғызады...» деп атап өтті. Біздің баяндамада балалардың денсаулығын экологиялық факторлардан қорғауға сот және соттан тыс тәртіпте қорғау мүмкіндіктері қарастырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасы балалар ретінде он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған тұлғаларды анықтайды. Сондай-ақ, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңда өтініш берушілердің жасына қатысты шектеулер белгіленбегеніне назар аудару маңызды. Балалар жағдайында өтініш берушіге осы Заңның 6-бабының 2-тармағында белгіленген барлық ресми талаптар (тегі, аты, СТТН, пошталық мекен-жайы, қолы) орындала алады. Бұл балалардың медициналық қызметке құқығын мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, заңды тұлғаларға жеке және заңды өкілдеріне жүгіну

13 J. Beqiraj and L. McNamara, *Children and Access to Justice: National Practices, International Challenges* (Bingham Centre for the Rule of Law Report 02/2016), *International Bar Association*, October 2016, c. 5

арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл норма балалар мен олардың заңды өкілдерінің мемлекеттік органдарға, сондай-ақ іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі олардың денсаулығына экологиялық зиян келтірудің ықтимал көзі болып табылатын жекелеген мемлекеттік ұйымдар мен компанияларға жүгінуге ресми түрде тең құқықты қамтамасыз етеді.

Ересектерден айырмашылығы, балалардың өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну мәселесін өз бетінше шешу үшін толық мүмкіндіктері жоқ, өйткені азаматтық іс жүргізуге әрекет қабілетілігі он сегіз жасқа толғаннан кейін ғана толық танылады. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі балалардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері сотта олардың ата-аналарымен немесе басқа заңды өкілдерімен, ал он төрт жасқа толмаған балаларға қатысты олармен бірге прокурормен қорғалады. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі балалар үшін сот мұндай істерге кәмелетке толмағандардың өздерін тартуға міндетті, алайда олардың өздері сотқа өтініш бере алмайды.¹⁴ Халықтың сотқа жүгінуден қорқуы мен қоршаған ортаға қолайсыз факторлардың адамдардың денсаулығына әсері туралы хабардар болудың төмен деңгейі жағдайында балалардың денсаулық сақтау құқығын сот арқылы қорғау мүмкіндігі көбінесе олардың ата-аналарына байланысты және әдетте олар іс жүзінде қолданылмайды.

14 Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексінің 45-бабы

